



С.АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С. АМАНЖОЛОВА

КЕЛІСІЛДІ/ СОГЛАСОВАНО
«Улан ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Таврия
орта мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі


(қолы) М.Ф. Мухитов
Т.А.Ә./Ф.И.О

БЕКІТІЛДІ/ УТВЕРЖДЕНО
Факультет кеңесінің төрағасы /
Председатель совета факультета


(қолы) Куленова Г.Б.
Т.А.Ә./Ф.И.О
Хаттама / Протокол
№ 10 « 11 » 06 2020ж/г

ПӘН БАҒДАРЛАМАСЫ (SYLLABUS)/
ПРОГРАММА ДИСЦИПЛИНЫ (SYLLABUS)

Бұқаралық жою қаруынан қорғау

Оқу пәнінің атауы/наименование учебной дисциплины

5В010400 – Бастапқы әскери дайындық

(ББ атауы және коды/код и название ОП)

Оқу түрі / Форма обучения _____ күндізгі, ОБ
(күндізгі / очная, ОБ/СО)

Курс/Курс _____ 4 _____
Семестр/Семестр _____ 7 _____
Кредиттер саны/Количество кредитов _____ 5 _____
Дәрістер/Лекции _____ 20 _____
Практикалық (семинар) сабақтар/
Практические (семинар) занятия _____ 30 _____
Зертханалық сабақтар/
Лабораторные занятия _____
БӨЖ / СРОП _____ 25 _____
БӨЖ / СРО _____ 75 _____
Емтихан / Экзамен _____ 7 _____ семестр

Өскемен, 2020 ж.

Құрастырушы / Составитель: М.э.к., доцент Адильбекова А.Б.
(Оқытушының Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, қызметі / ФИО преподавателя, ученая степень, ученое звание, должность)

Пән бағдарламасы / Программа дисциплины (Syllabus)

Пәннің бағдарламасы Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беру пәндері циклінің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 31.10.2018 жылғы № 603 бұйрығы) негізінде жасалған / **Программа дисциплины** разработана на основании типовых учебных программ цикла общеобразовательных дисциплин для организаций высшего и (или) послевузовского образования (Приказ МОН РК от 31.10.2018 г. № 603) (жалпы білім беру пәндері үшін / для общеобразовательной дисциплины);

Пәннің бағдарламасы (Syllabus) университет Академиялық кеңес отырысында бекітілген оқу бағдарламасы негізінде жасалған / **Программа дисциплины (Syllabus)** разработана на основании учебной программы, утверждённой на заседании Академического совета университета

Хаттама / Протокол № 4 « 16 » 04 2019 ж./г. (базалық және профильдік пәндер үшін / для базовых и профилирующих дисциплин)

Кафедра отырысында ұсынылған / Рекомендована на заседании кафедры

Бастапқы әскери дайындық

Хаттама / Протокол № 10 « 03 » 06 2020 ж./г.

БӘД кафедра меңгерушісі / Зав. кафедрой НВП


қолы / подпись

Сунцов В.В.
аты-жөні / ФИО

1. Пән туралы ақпарат

<i>Пәннің атауы/ Наименование дисциплины</i> Бұқаралық жою қаруынан қорғау	<i>Пәннің коды/ Код дисциплины</i> ZOMP	<i>Кредит саны/ Количество кредитов</i> 5	<i>Курс: 4 Семестр: 7</i>
<i>БББ атауы / Название</i> ОП Бастапқы әскери дайындық	<i>БББкоды / Код</i> ОП 5В010400	<i>Кафедра</i> БӘД	<i>Факультет</i> ППЖМФ
<i>Пәнді өткізу уақыты және орны / Время и место проведения дисциплины</i> оқу кестесі бойынша, № <u>2</u> оқу ғимараты, <u>33</u> ауд.			
<i>Кеңес беру уақыты – оқу кестесі бойынша</i>			
<i>Рейтинг кестесі: 7 және 15 апта / График рейтинга: 7 и 15 недели</i>			
<i>Оқытушының Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, қызметі</i> Адылбекова Айгүл Бейсембайқызы, медицина ғылымдарының кандидаты, доцент ККСОН, доцент		<i>Байланыс ақпараты (телефон, e-mail)/ Контактные данные (телефон, e-mail)</i> Байланыс телефоны – 87777961459, e-mail – prep_adylbekova@mail.ru	

2. Пәннің қысқаша сипаттамасы

«Бұқаралық жою қаруынан қорғау» пәнді оқытудың мақсаты: «Бастапқы әскери дайындық» білім беру бағдарламасының білім алушыларына жаппай шығынға ұшырату үшін қолданылатын жою қабілеті жоғары қарудың қолданылуы мәселері бойынша білім беру және оларда барлық қорғау әдістерін тиімді пайдалануға қажетті дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

Пәннің негізгі міндеттері:

- бұқаралық жою қарудың сипаттамасын және одан қорғау шараларын қарастыру;
- радиациялық, химиялық және бактериологиялық зақымдану ошағында халықтың іс-әрекеті мен жүріс-тұрыс ережелерімен таныстыру;
- жаппай қырып-жою қарудың құралдармен зақымданған кезде алғашқы көмек көрсетуді үйрету.

Құзыреттіліктері:

Білім алушылар бұқаралық жою қарудың қолданылуы мәселерін біліп жаппай шығынға ұшырату әсерін ескерту мен салдарын жою және барлық қорғау шараларын ұйымдастыру мен іске асыру бойынша қажетті дағдыларды меңгереді.

«Бұқаралық жою қаруынан қорғау» пәні бойынша оқыту нәтижелері:

- Білім алушылар радиациялық, химиялық және бактериологиялық зақымдану ошағында халықты қорғау шараларын ұйымдастыру мен іске асыруды меңгереді;
- жаппай жою қарудың зақымдану ошағында халықтың іс-әрекеті және жүріс-тұрыс қағидаларын біледі;
- радиоактивті және уландырғыш заттардың, бактериялық құралдардың әсерінен зақымданған кезде өзіне-өзі және өзара көмек көрсетуді үйренеді;
- жаппай шығынға ұшырату әсерін ескерту мен салдарын жою тәсілдерін меңгереді.

3. Пәннің пререквизиттері

№	Пәндердің атауы, олардың бөлімдері (тақырыптары)
1	Биология
2	Химия
3	Физика

4. Пәннің постреквизиттері

№	Пәндердің атауы
1	Дипломалды іс-тәжірибе

5. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

№	Пән тақырыптарының аталуы	апта	Сабақ түрі бойынша аудиторлық сағат саны		Сабақ түрі бойынша аудиторлық емес сағат саны		Барлығы (сағ)
			Дәріс (сағ.)	Пр/сем. саб (сағ.)	БӨЖ (сағ.)	БӨЖ (сағ.)	
1	Кіріспе. Бұқаралық жою қаруы туралы түсінік.	1	2	3	3	8	16
2	Ядролық қарудың зақымдаушы факторлары және ұрыстық қабілеті.	2-3	3	3	3	9	18
3	Химиялық қару, оның қолдану негіздері. Негізгі улағыш заттардың сипаттамасы.	4-5	3	4	2	8	17
4	Бактериологиялық қару, оның қолдану негіздері. Бактериялық құралдың сипаттамасы.	6-7	2	3	3	9	17
5	Өртегіш қару, оның ұрыстық қабілеті және қолдану тәсілдері.	8	2	3	3	9	17
6	Радиациялық, химиялық және бактериялық ахуалды бағалау.	9-10	2	4	2	8	16
7	Бұқаралық жою қаруынан қорғау құралдары.	11-12	2	4	3	8	17
8	Қарулы Күштерді бұқаралық жою қаруынан қорғау.	13	2	3	3	8	16
9	Азаматтық қорғаныста бұқаралық жою қаруынан қорғау.	14-15	2	3	3	8	16
	Барлығы (сағ)		20	30	25	75	150

6. Дәріс сабақтарының мазмұны

Тақырып 1. Кіріспе. Бұқаралық жою қаруы туралы түсінік.

Дәріс тезистері: Жаппай жою қаруы - жаппай шығынға ұшырату немесе қирату үшін қолданылатын жою қабілеті жоғары қару. Жаппай жою қаруының жою факторлары оны қолданудан кейін белгілі бір уақытта қарсыласты шығынға ұшыратуы және оған күшті әсер етуі мүмкін. Жаппай зақымдаудың қазіргі заманғы құралдарына ядролық (жаппай жою қаруының негізгі түрі), химиялық және бактериологиялық (биологиялық) қару жатады. Жаппай жою қаруы ракеталар, авиация мен артиллерия арқылы жеткізіледі. Жаппай қырып-жоятын қарудан қорғау - әскерлерді, тылдағы нысандарды ядролық, химиялық және бактериологиялық қарулардан қорғау, әскерлердің соғысқа қабілеттілігін сақтау мақсатында жүргізілетін шаралар жиынтығы. *Әдебиет:* [1,2,3].

Тақырып № 2 Ядролық қарудың зақымдаушы факторлары және ұрыстық қабілеті.

Дәріс тезистері: Ядролық қару – уран мен плутонийдің бір қатар изотоптарының ауыр ядролардың бөлуінен болатын тізбекті реакция кезінде немесе сутегінің (дейтерий мен тритийдің) жеңіл ядролық изотоптары синтезінің термоядролық реакциялары кезінде бөлініп шығатын ішкі ядролық энергияны пайдалануға негізделген осы заманғы зақымдау құрал. Яд.жарылыстың зақымдаушы факторлары: соққы толқыны, сәуле жарқылы, өткіш радиация, жердің радиоактивтік ластануы, электрлі-магнитті импульсі.

Ядролық қарудың физикалық негіздері, ядролық жарақтардың топтастыруы, қолдану тәсілдері. Ядролық қарудың зақымдаушы факторлары, олардан қорғау әдістері. Өткір сәуле ауруы. *Әдебиет:* [1,2,3,5,6,8].

Тақырып № 3: Химиялық қару, оның қолдану негіздері. Негізгі улағыш заттардың сипаттамасы.

Дәріс тезистері: Химиялық қару - улағыш заттардың (УЗ) уландыру қасиеттеріне негізделген осы заманғы жаппай зақымдау құрал. Химиялық бинарлық қару-жарақтарға ұсыз немесе улылығы аз жеке екі компоненттен тұратын химиялық жарақтардың бір түрі жатады. Олар қолдану (жарылыс, бомба тастау және т.б.) процесі кезінде бір-бірімен әрекеттесіп улылығы жоғары улағыш заттарды түзеді. Улағыш заттар (УЗ) - адамдар мен жануарларды зақымдайтын және қоршаған ортаның ұзақ мерзімге ластануына әкеп соғатын улы химиялық қосылыстар. Химиялық қару және оның қолдану негіздері. Улағыш заттардың топтастыруы, ұрыстық қабілеті, қолдану тәсілдері мен қорғау әдістері. *Әдебиет:* [1,2,3,5,6,8].

Тақырып № 4: Бактериологиялық қару, оның қолдану негіздері. Бактериялық құралдың сипаттамасы.

Дәріс тезистері: Биологиялық қару – адамдар мен жануар арасында жаппай жұқпалы ауруларын тудыратын осы заманғы зақымдау құрал. Бактериологиялық қару және оның қолдану негіздері. Бактериялық құралдың сипаттамасы. Жұқпалы аурулар туралы түсінік (оба, тырысқақ, түйнеме, ботулизм және т.б.). Карантин мен обсервация.. *Әдебиет:* [1,2,3,5,6,8].

Тақырып № 5: Өртегіш қару, оның ұрыстық қабілеті және қолдану тәсілдері.

Дәріс тезистері: Өртегіш қару, оның ұрыстық қабілеті және қолдану тәсілдері. Өртегіш заттардың топтастыруы, ұрыстық қабілеті, қолдану тәсілдері мен қорғау әдістері. *Әдебиет:* [1,2,3,5,6,8].

Тақырып № 6: Радиациялық, химиялық және бактериялық ахуалды бағалау.

Дәріс тезистері: Осы заманғы құралдарын қолданған жағдайда, сондай-ақ атом өнеркәсібі кәсіпорындарындағы зақымдау авария кезіндегі ауа, жер және онда орналасқан ғимарат, техника, мүлік радиациялық зақымдануға ұшырайды. Жердің радиоактивті зақымдануы нәтижесінде пайда болған ахуал радиациялық ахуал деп аталады. Радиациялық ахуалды бағалау үшін мынадай бастапқы мәліметтерді білу қажет: ядролық жарылыстың уақыты, радиация деңгейі мен оны өлшеу уақыты, радиацияны әлсірету коэффициенттерінің маңызы, сәулеленудің жол берілген дозасы, қойылған міндет пен оны

орындау мерзімдері. Радиациялық ахуалды бағалау кезінде радиация деңгейін бір уақытқа келтірген жөн (әдеттегідей, ядролық жарылыстан кейінгі бір сағатқа). Бұл радиациялық ахуалды картаға (схемаға) түсіруді және бұдан әрі радиация деңгейінің төмендеуін қадағалауды жеңілдетеді. Химиялық ахуал ретінде шаруашылық объектілерінің қызметіне АҚ күштері мен халыққа әсер ететін жердің ӘКУЗ-бен УЗ химиялық зақымдану салдарының жиынтығы түсініледі. Химиялық ахуал КУӘЗ төгілу немесе химиялық зақымдану аймағы мен химиялық зақымдау ошақтары пайда болатын химиялық қаруды қолдану кезінде жасалады. Радиациялық, химиялық және бактериялық ахуалды бағалау мен болжау әдістері. *Әдебиет: [1,2,3,11].*

Тақырып № 7: Бұқаралық жою қаруынан қорғау құралдары.

Дәріс тезистері: Халықты авария, апат зілзала салдарынан, сондай-ақ осы заманғы зақымдау құралдарының зақымдағыш факторларынан қорғаудың ең негізгі және ең сенімді әдістерінің бірі бұл оларды ұжымдық қорғау құралдары болып табылатын қорғаныс ғимараттарына жасыру. Қорғаныс ғимараттары – бұл арнайы мақсаттағы инженерлік ғимараттар. Бұқаралық жою қаруынан қорғайтын ұжымдық және жеке қорғау құралдары, олардың топтастыруы, қолдану тәсілдері. *Әдебиет: [1,2,3,10,11].*

Тақырып № 8. Қарулы Күштерді бұқаралық жою қаруынан қорғау.

Дәріс тезистері: Қарулы Күштерді бұқаралық жою қаруынан қорғау. Жауынгерлерді жаппай қырып-жоятын қарудан қорғау тәсілдері. Жаппай қырып-жоятын қарудан қорғау - әскерлерді, тылдағы нысандарды ядролық, химиялық және бактериологиялық қарулардан қорғау, әскерлердің соғысқа қабілеттілігін сақтау мақсатында жүргізілетін шаралар жиынтығы. *Әдебиет: [1,2,3,10,11].*

Тақырып № 9. Азаматтық қорғаныста бұқаралық жою қаруынан қорғау.

Дәріс тезистері: Азаматтық қорғаныста бұқаралық жою қаруынан қорғау. Халықты жаппай жою қаруынан қорғау тәсілдері. Ядролық, химиялық және бактериялық зақымдану ошағында халықтың іс-әрекеті мен қозғалу тәртібі. Халықты осы заманғы зақымдау құралдарынан және төтенше жағдайлар кезінде қорғауды ұйымдастыру мен іске асыруда халықты осы заманғы зақымдау құралдарынан және төтенше жағдайларда құрбандыққа ұшырауын болдырмауға немесе азайтуға бағытталған қорғаныс шараларын іске асыру әдістерінің ролі ерекше. Жеке және медициналық құралдарын қолдану осы заманғы зақымдау құралдарының зақымдағыш факторларының әсерін әлсіретеді алады. Жеке қорғаныс құралдары радиоактивтік, улағыш, қатты әсер ететін улы заттармен және бактериалдық құралдармен зақымданудан қорғауға арналған. Жеке медициналық қорғаныс құралдары қазіргі қарудың зақымдағыш факторларының ықпалын ескертуге немесе әлсіретуге арналған. *Әдебиет: [1,2,3,10,11].*

7. Практикалық (семинарлық) сабақтар мазмұны

1 тақырып. Кіріспе. Бұқаралық жою қаруы туралы түсінік.

Тапсырма:

1. «Бұқаралық жою қаруынан қорғау» пәніне кіріспе. Бұқаралық жою қаруы туралы түсінік..

2. Жаппай зақымдаудың қазіргі заманғы құралдары.

Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік нұсқау (қысқаша): Бұқаралық жою қаруы туралы, жаппай зақымдаудың қазіргі заманғы құралдарын оқып білу. *Әдебиет: [1,2,3].*

2 тақырып. Ядролық қарудың зақымдаушы факторлары және ұрыстық қабілеті.

Тапсырма:

1. Ядролық қарудың физикалық негіздері, ядролық жарактардың топтастыруы, қолдану тәсілдері.

2. Ядролық қарудың зақымдаушы факторлары, олардан қорғау әдістері.

3. Өткір сәуле ауруы. ядролық қарудың зақымдаушы факторлары және ұрыстық қабілетін оқып білу. *Әдебиет: [1,2,3,5,6,8].*

3 тақырып. Химиялық қару, оның қолдану негіздері. Негізгі улағыш заттардың сипаттамасы.

Тапсырма:

1. Химиялық қару және оның қолдану негіздері.
2. Улағыш заттардың топтастыруы, ұрыстық қабілеті, қолдану тәсілдері мен қорғау әдістері.

Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік нұсқау (қысқаша): химиялық қару, оның қолдану негіздерін, негізгі улағыш заттардың сипаттамасын білу. *Әдебиет: [1,2,3,5,6-13].*

4 тақырып. Бактериологиялық қару, оның қолдану негіздері. Бактериялық құралдың сипаттамасы.

Тапсырма:

1. Бактериологиялық қару және оның қолдану негіздері. Бактериялық құралдың сипаттамасы.
2. Жұқпалы аурулар туралы түсінік (оба, тырысқак, түйнеме, ботулизм және т.б.).
3. Карантин мен обсервация.

Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік нұсқау (қысқаша): Бактериологиялық қару, оның қолдану негіздерін, бактериялық құралдың сипаттамасын білу. *Әдебиет: [1,2,3,5,6,8].*

5 тақырып. Өртегіш қару, оның ұрыстық қабілеті және қолдану тәсілдері.

Тапсырма:

1. Өртегіш қару, оның ұрыстық қабілеті және қолдану тәсілдері.
2. Өртегіш заттардың топтастыруы, ұрыстық қабілеті, қолдану тәсілдері мен қорғау әдістері.

Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік нұсқау (қысқаша): Өртегіш қару, оның ұрыстық қабілеті және қолдану тәсілдерін меңгеру. *Әдебиет: [1,2,3,5,6,8].*

6 тақырып. Радиациялық, химиялық және бактериялық ахуалды бағалау.

Тапсырма:

1. Радиациялық ахуалды бағалау мен болжау әдістері.
2. Химиялық ахуалды бағалау мен болжау әдістері.
3. Бактериялық ахуалды бағалау мен болжау әдістері.

Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік нұсқау (қысқаша): Радиациялық, химиялық және бактериялық ахуалды бағалау мен болжау әдістерін меңгеру *Әдебиет: [1,2,3-13].*

7 тақырып. Бұқаралық жою қаруынан қорғау құралдары.

Тапсырма:

1. Бұқаралық жою қаруынан қорғайтын ұжымдық қорғау құралдары, олардың топтастыруы, қолдану тәсілдері.

2. Бұқаралық жою қаруынан қорғайтын жеке қорғау құралдары, олардың топтастыруы, қолдану тәсілдері.

Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік нұсқау (қысқаша): Бұқаралық жою қаруынан қорғайтын ұжымдық және жеке қорғау құралдары, олардың топтастыруы, қолдану тәсілдерін меңгеру. *[1,2,3,10,11,12].*

8 тақырып. Қарулы Күштерді бұқаралық жою қаруынан қорғау.

Тапсырма:

1. Қарулы Күштерді бұқаралық жою қаруынан қорғау.
2. Жауынгерлерді жаппай қырып-жоятын қарудан қорғау тәсілдері.

Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік нұсқау (қысқаша): Қарулы Күштерді бұқаралық жою қаруынан қорғау, жауынгерлерді жаппай қырып-жоятын қарудан қорғау шараларын меңгеру. *[1,2,3,10,11].*

8. БӨЖ мен БОӨЖ бойынша тапсырма

№	Тақырып атауы	Тапсырма мазмұны	Бақылау түрі	Тапсыру мерзімі
1	Кіріспе. Бұқаралық жою қаруы туралы түсінік.	«Бұқаралық жою қаруынан қорғау» пәніне кіріспе. Бұқаралық жою қаруы (жаппай жою қаруы) – жаппай шығынға ұшырату немесе қирату үшін қолданылатын жою қабілеті жоғары қару. Жаппай зақымдаудың қазіргі заманғы құралдары.	конспект, ауызша жауап	1
2	Ядролық қарудың зақымдаушы факторлары және ұрыстық қабілеті.	Ядролық қарудың физикалық негіздері, ядролық жарактардың топтастыруы, қолдану тәсілдері. Ядролық қарудың зақымдаушы факторлары, олардан қорғау әдістері. Өткір сәуле ауруы.	конспект, ауызша жауап	2-3
3	Химиялық қару, оның қолдану негіздері. Негізгі улағыш заттардың сипаттамасы.	Химиялық қару және оның қолдану негіздері. Улағыш заттардың топтастыруы, ұрыстық қабілеті, қолдану тәсілдері мен қорғау әдістері.	конспект, ауызша жауап, дағды	4-5
4	Бактериологиялық қару, оның қолдану негіздері. Бактериялық құралдың сипаттамасы.	Бактериологиялық қару және оның қолдану негіздері. Бактериялық құралдың сипаттамасы. Жұқпалы аурулар туралы түсінік (оба, тырысқақ, түйнеме, ботулизм және т.б.). Карантин мен обсервация.	конспект, ауызша жауап	6-7
5	Өртегіш қару, оның ұрыстық қабілеті және қолдану тәсілдері.	Өртегіш қару, оның ұрыстық қабілеті және қолдану тәсілдері. Өртегіш заттардың топтастыруы, ұрыстық қабілеті, қолдану тәсілдері мен қорғау әдістері.	конспект, ауызша жауап	8
6	Радиациялық, химиялық және бактериялық ахуалды бағалау.	Радиациялық, химиялық және бактериялық ахуалды бағалау мен болжау әдістері.	конспект, ауызша жауап	9-10
7	Бұқаралық жою қаруынан қорғау құралдары.	Бұқаралық жою қаруынан қорғайтын ұжымдық және жеке қорғау құралдары, олардың топтастыруы, қолдану тәсілдері.	конспект, ауызша жауап, дағды	11-12
8	Қарулы Күштерді бұқаралық жою қаруынан қорғау.	Қарулы Күштерді бұқаралық жою қаруынан қорғау. Жауынгерлерді жаппай қырып-жоятын қарудан қорғау тәсілдері.	конспект, ауызша жауап	13
9	Азаматтық қорғаныста бұқаралық жою қаруынан қорғау.	Азаматтық қорғаныста бұқаралық жою қаруынан қорғау. Халықты жаппай жою қаруынан қорғау тәсілдері. Ядролық, химиялық және бактериялық зақымдану ошағында халықтың іс-әрекеті мен қозғалу тәртібі.	конспект, ауызша жауап	14-15

Барлық сұрақтар бойынша кеңес беру ағымдағы семестр бойынша БОӨЖ кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

9. Ұпай қою саясаты мен критерийлері

Кредиттік технология жағдайында оқу процесін ұйымдастыру элементтерінің бірі білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесін қолдану болып табылады. Ұпай қою саясаты объективтілік, ашықтық, икемділік және жоғары саралаушылық принциптеріне негізделеді. Пәнді оқыту барлық өтілген материалды қамтитын, әртүрлі формада (жазбаша немесе ауысша емтихан, тестілеу) емтихан қабылдаумен аяқталады. Емтихан тапсыруға рұқсат алудың негізгі шарты – бағдарлама бойынша барлық тапсырмаларды орындау. Әр тапсырма 0-100 баллмен бағаланады.

Бірінші және екінші рейтинг ағымдық үлгерімін анықтаудағы ұпайларын үлестіру

№	Жұмыс түрі	Бір тапсырмаға қойылатын баға (max балл)	Тапсырма саны	Жиынтық баға
Рейтинг 1				
1	Конспект, ағымдық бақылау (ауызша жауап)-- АБ ₁	100	7	700
2	Аралық бақылау-1 (глоссарий, ауызша жауап) АрБ ₁	100	1	100
Барлығы			8	800
$P_1 = \text{Барлығы} / \text{тапсырмалар саны} = 800/8 = 100$				
Рейтинг 2				
1	Конспект, ағымдық бақылау (ауызша жауап)—АБ ₂	100	8	800
2	Аралық бақылау-2 (глоссарий, ауызша жауап) АрБ ₂	100	1	100
Барлығы			9	900
$P_2 = \text{Барлығы} / \text{тапсырмалар саны} = 900/9 = 100$				
Емтихан бағасы				100

Емтиханға жіберу рейтингісінің (ЖР) бағасы академиялық кезең бойынша алынған барлық ағымдық және аралық бақылаулар бағасы қосындысының орташа арифметикалық мәні болып табылады:

$$\text{ЖР} = (АБ_1 + АБ_2 + АБ_3 + \dots + АБ_n + АрБ_1 + АрБ_2) / (n+2),$$

мұндағы ЖБ – емтиханға жіберу рейтингісі; АБ – ағымдық бақылау; АрБ – аралық бақылау; n – ағымдық бақылаулар саны; 2 – аралық бақылаулар саны.

$$\text{ЖР} = (800+900+100+100) / (17+2) = 1900/19 = 100$$

Пән бойынша қорытынды бақылауға пән бағдарламасының барлық талаптарын орындаған (барлық практикалық (семинарлық) жұмыстарды және БОӨЖ, БӨЖ бойынша тапсырмаларды орындаған және тапсырған), емтиханға жіберу рейтингісін (50 баллдан кем емес) жинаған білім алушы жіберіледі. Пән бойынша емтиханға жіберу рейтингісі оң баға болмаса (50 баллдан кем емес) білім алушы емтиханға жіберілмейді.

Пән бойынша қорытынды баға (К) автоматты түрде төмендегі формула бойынша есептеледі:

$$К = ((P_1+P_2)/2*0,6) + (\text{емтихан бағасы}*0,4),$$

мұндағы P₁ – бірінші аралық бақылау бағасы; P₂ – екінші аралық бақылау бағасы.

Пән бойынша қорытынды баға білім алушы тек емтиханға жіберу рейтингісі бойынша да, қорытынды бақылау бойынша да оң баға (50 баллдан кем емес) алған жағдайда есептеледі. Қандай да бір дәлелді немесе дәлелсіз себептермен қорытынды бақылауға келмеген жағдайда «Емтихан бағасы» бағанасына «0» (нөл) қойылады. Пән бойынша аралық аттестация нәтижелері білім алушыға сол күні хабарланады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың төрт баллдық жүйе бойынша сандық эквивалентке сәйкес әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Баллдардың сандық эквиваленті	Баллдар (%-тік құрамы)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

10. Оқытушы талабы

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау саясаты академиялық адалдық, талаптардың бірлігі, объективтілік пен адалдық, ашықтық және ашықтық принциптеріне негізделген. Бірінші сабақта оқытушы білім алушыларды пәннің жұмыс оқу жоспары (силлабусы), академиялық пәннің жоспарланған оқу нәтижелері және оларды бағалау тәртібі туралы таныстырады.

Академиялық әділетсіздік байқалған жағдайда ЖОО білім алушылары тарапынан:

- *аудиториядағы және аудиториядан тыс сабақтар кезінде:* бірінші жол берілген тәртіп бұзғаннан кейін құрылған комиссия білім алушылармен әңгімелесу өткізеді; актіде шығарылған ескерту және қабылданатын шара (бағаланатын жұмыс үшін бағаны төмендету; білім алушының жазбаша жұмысын жою, бақылау іс-шарасын қайта өткізуге ұсыныс және т.б.) тіркеледі. Академиялық адалдық фактілеріне қайта жол берілген жағдайда оқу жылы ішінде қайта комиссия құрылады, акт жасалады және одан әрі шешімдер қабылдау үшін тәртіптік-сыбайлас жемқорлыққа қарсы кеңеске (бұдан әрі – ТСЖҚК) беріледі;

- *аралық немесе қорытынды аттестаттау кезінде:* Академиялық әділетсіздік көрсеткен білім алушы сол академиялық кезеңде емтиханды қайта тапсыру құқығынсыз аудиториядан шығарылады. Бұл ретте емтихан ведомосына «Академиялық әділетсіздік танытқаны үшін емтиханнан алынды» деген жазба жазылады, оның түрі көрсетіледі. Емтиханды қайта тапсыру жазғы семестрде немесе келесі академиялық семестрде ақылы негізде жүзеге асырылады. Бұл ретте білім алушы осы оқу пәніне қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және емтихан тапсырады. Емтиханнан қайта шығарылған жағдайда (ЖОО-да оқудың барлық кезеңі ішінде) білім алушы ШҚМУ-ға қайта қабылдану құқығынсыз оқудан шығарылады.

Білім алушының барлық аудиториялық сабақтарға кешікпей, сабаққа қатысуы міндетті болып табылады. Сабақтан қалған жағдайда деканатта тағайындалған тәртіппен өтелінеді. Берілген курстың білім алушылар контингентіне кірмейтін бөгде адамдардың дәріске қатысуына тыйым салынады.

Жұмысты көрсетілген мерзімде тапсыру қажет. Барлық тапсырмаларды тапсырудың соңғы мерзімі емтихан сессиясына 5 күн қалғанға дейін беріледі.

Әрбір оқу сабағы бойынша тақырыпты қайталау мен өтілген материалды өтеу міндетті. Оқу материалының меңгерілу дәрежесі жазбаша жұмыстармен немесе тестпен тексеріледі білім алушыларды тестілеу ескертусіз жүргізілуі мүмкін.

Білім алушының оқытушымен өзіндік жұмысын (БӨЖ) орындау кезінде келесі негізгі қызметтер ескеріледі:

1) оқу пәні бойынша бағыттау-бағдарлау сабақтары кезінде оқытушы берген ақпаратты білім алушылардың белсенді қабылдауын іске асыруды көздейді;

2) оқытушының ұсынымы негізінде білім алушылардың өздігінен оқу-әдістемелік құралдарды, әдебиеттерді оқуын, үй тапсырмаларын, бақылау, курстық жұмыстарды және т.б. орындауын көздейді. Бұл кезеңде білім алушылардан жұмыс істеудің әдіс-тәсілдерін білу, қиындықтарды анықтау, өзін-өзі ұйымдастыру және өзіндік тәртіп талап етіледі;

3) өздерінде қиындық тудырған жағдайларды талдау мен жүйелеу, оқу материалын түсіну мен меңгерудегі қиындықтар себебін анықтау, басқа оқу әрекетін орындау. Білім алушы шешімі табылмаған қиыншылықтарды оқытушыларға арналған сұрақтар жүйесіне айналдырады (оларды саралайды, реттейді, ресімдейді), бұл сұрақтарға өз жауаптарының нұсқаларын дайындайды;

4) түсініктеме, ақыл-кеңес, кеңес алу үшін оқытушымен сұхбаттасуын білдіреді.

11. Емтихан сұрақтары

1. Бұқаралық жою қаруы туралы жалпы түсінік.
2. Жаппай зақымдаудың қазіргі заманғы құралдары, олардың түрлері, ерекшеліктері және оларды қолданудың салдары.
3. Жаппай жою қарудан қорғаудың заңнамалық және нормативтік құқықтық негіздері. Төтенше жағдайлар және азаматтық қорғаныс жүйесі.
4. Ядролық қару. Ядролық жарылыстың негізгі зақымдаушы факторлары.
5. Ядролық қарудың физикалық негіздері, ядролық жарақаттардың топтастыруы, қолданы тәсілдері.
6. Ядролық қарудың зақымдаушы әсері және ұрыстық қабілеті.
7. Ядролық қарудың зақымдаушы факторлары және олардан қорғау әдістері.
8. Өткір сәуле ауруы, оның белгілері және алғашқы медициналық көмек.
9. Ядролық жарылыс түрлері. Ядролық жарылыс кездегі жердің радиоактивті ластануы.
10. Ядролық жарылыстың негізгі зақымдаушы факторлары: соққы толқыны, сәуле жарқылы, өткіш радиация, жердің радиоактивтік ластануы және электрлі-магниттік импульс, олардың қысқаша мінездемесі және қорғану әдістері.
11. Адамдар мен құрылыстарға ядролық жарылыстың негізгі және қосалқы әсері.
12. Ядролық жарылыстың негізгі зақымдаушы факторлары және олардың әсерінен пайда болған зақымданулардың ерекшелігі.
13. Радиоактивтік ластану аймағының сипаттамасы.
14. Ядролық зақымдану ошағының сипаттамасы.
15. Радиациялық зақымданудың түрлері. Ядролық жарылыс кезіндегі күйіктер мен жарақаттардың ерекшеліктері.
16. Сәулелік зақымданулар. Өткір сәуле ауруы, оның дәрежесі, белгілері және дамуын алдын алатын іс-шаралар.
17. Өткір сәуле ауруы, оның белгілері және алғашқы көмек көрсету кезінде медициналық қорғаудың жеке құралдарын пайдалану.
18. Ядролық жарылыстан аралас зақымданулардың сипаттамасы және алғашқы көмек.
19. Радиациялық зақымданулардың алдын алу. Сәулеленуін дозиметриялық бақылау.
20. Химиялық қару және оның қолдану негіздері. Негізгі улағыш заттардың жітелуі мен сипаттамасы.
21. Химиялық қару. Улағыш заттардың жіктелуі, қысқаша мінездемесі, зақымдану белгілері, алғашқы көмек және қорғану әдістері.
22. Химиялық ластану аймағы және химиялық зақымдану ошағы, олардың сипаттамасы.

23. Химиялық қару туралы түсінік. Улағыш заттардың жіктелуі, зақымдану белгілері және көрсетілетін алғашқы көмек.
24. Бактериологиялық қару және оның қолдану негіздері. Бактериялық құралдардың сипаттамасы.
25. Бактериологиялық зақымдану ошағының сипаттамасы. Эпидемияға қарсы шаралар.
26. Карантин және обсервация. Дезинфекция, дезинсекция және дератизация туралы түсінік.
27. Жұқпалы аурулар туралы түсінік (оба және т.б.). Эпидемиялық процесс. Эпидемияға қарсы шаралар.
28. Жұқпалы аурулар туралы түсінік (түйнеме және т.б.). Эпидемиялық процесс. Эпидемияға қарсы шаралар.
29. Жұқпалы аурулар туралы түсінік. Оба, оның қоздырғышы, таралу жолдары, негізгі белгілері және алдын алу шаралары.
30. Жұқпалы аурулар туралы түсінік. Тырысқак, оның қоздырғышы, таралу жолдары, негізгі белгілері және алдын алу шаралары.
31. Жұқпалы аурулар туралы түсінік. Түйнеме (сібір жарасы), оның қоздырғышы, таралу жолдары, негізгі белгілері және алдын алу шаралары.
32. Карантин және обсервация туралы түсінік. Дезинфекция, дезинсекция және дератизация әдістері.
33. Өртегіш қару, оның ұрыстық қабілеті және қолдану тәсілдері.
34. Өртегіш заттардың топтастыруы, ұрыстық қабілеті, қолдану тәсілдері мен қорғау әдістері.
35. Радиациялық, химиялық және бактериологиялық жағдайды болжау және бағалау.
36. Радиациялық, химиялық және бактериологиялық жағдайды бағалау тәсілдері.
37. Радиациялық барлау және дозиметриялық бақылау аспаптары. Аспаптарды жұмысқа дайындау және өлшеу тәртібі.
38. Химиялық барлаудың әскери аспабы (ВПХР), құрылымы, жұмысқа дайындау және өлшеу тәртібі.
39. Химиялық жағдайды бағалау. Химиялық барлаудың әскери аспабы, құрылымы және өлшеу тәртібі.
40. Дозиметриялық аспаптардың жіктелуі, оларды жұмысқа дайындау және өлшеу тәртібі.
41. Жаппай жою қарудан қорғаудың ұжымдық және жеке құралдары, олардың жіктелуі және қолдану тәсілдері.
42. Халықты радиацияға және химияға қарсы қорғаудың негізгі тәсілдері.
43. Бұқаралық жою қарудан қорғаудың ұжымдық және жеке құралдары.
44. Дезинфекция, дезактивация және дегазация туралы түсінік.
45. Ұжымдық қорғау құралдары. Панахана, оның мақсаты, жалпы құрылымы, толтыру тәртібі және адамдардың жүріс-тұрыс ережелері.
46. Радиацияға қарсы жабындар, олардың мақсаты, құрылымы, толтыру тәртібі және адамдардың жүріс-тұрыс ережелері.
47. Ұжымдық қорғау құралдары. Қарапайым түрдегі паналау құралдары, олардың құрылымы.
48. Жеке қорғаныс құралдары. Тыныс алу жолдарын қорғау құралдары.
49. Жеке қорғаныс құралдары. Теріні қорғаудың табельдік және қол да бар құралдары.
50. Теріні қорғаудың жеке құралдары, олардың түрлері, құрылымы және кию ережесі.
51. Тыныс алу жолдары мен теріні қорғаудың жеке құралдарын таңдау және пайдалану тәсілдері.
52. Газқағарлар (противогаз), олардың түрлері, құрылысы және кию ережесі.
53. Респираторлар, шаңға қарсы мата маскасы және мақта-дәке таңғышы.
54. Тыныс алу жолдарын қорғау құралдары. Противогаз, оның түрлері, құрылысы және кию ережесі.

55. Тыныс алу жолдарын қорғайтын қарапайым құралдары, олардың түрлері, құрылысы және кию ережесі.
56. Жеке қорғаудың медициналық құралдары, жіктелуі және пайдалану ережесі.
57. Химияға қарсы жеке пакеттің құрылымы, мақсаты және пайдалану ережесі.
58. Жеке медициналық таңу пакеті, оның құрылымы және пайдалану ережесі.
59. Жеке қорғаудың медициналық құралдары, олардың құрылымы және пайдалану ережесі.
60. Жеке қорғаудың медициналық құралдары. Жеке дәрі-дәрмек қобдишасы (АИ-2), оның құрылымы және пайдалану ережесі.
61. Қарулы Күштерді бұқаралық жою қаруынан қорғау. Әскерлерді жаппай қырып-жою қаруынан қорғау тәсілдері.
62. Азаматтық қорғаныста бұқаралық жою қаруынан қорғау. Халықты жаппай жою қаруынан қорғау тәсілдері.
63. Ядролық зақымдану ошағында халықтың іс-әрекеті мен қозғалу тәртібі.
64. Химиялық зақымдану ошағында халықтың іс-әрекеті мен қозғалу тәртібі.
65. Бактериялық зақымдану ошағында халықтың іс-әрекеті мен қозғалу тәртібі.
66. Азаматтық қорғаныста жаппай жою қаруынан қорғау. Төтенше жағдайлар және азаматтық қорғаныс жүйесі.
67. Халықты және шаруашылық жүргізуші нысандарды бейбіт және соғыс уақытындағы төтенше жағдайлар туралы хабарлау жүйесі.
68. Халықты жаппай жою қаруынан қорғаудың тәсілдері. Ядролық, химиялық және бактериологиялық зақымдану ошағындағы халықтың іс-әрекетінің ережелері.
69. Зақымдану ошақтарындағы құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды (ҚЖБШЖ) жүргізу.
70. Жаппай жою қару қолданған кезінде халықты эвакуациялау (көшіру).
71. Адамдарды санитарлық тазартудан (өндеуден) өткізу. Жартылай (ішінара) және толық санитарлық өңдеу.
72. Азық-түлік пен суды радиоактивті, химиялық және бактериологиялық зақымданудан қорғау және зарарсыздандыру.
73. Зардапшеккендер мен науқастарды тасымалдау жолдары. Санитарлық және қарапайым зембілдердің құрылысы.
74. Өртүрлі зақымданулар кезінде зардапшеккендер мен науқастарды тасымалдау ережесі.
75. Зардапшеккендер мен науқастарды тасымалдау тәсілдері.

12. Әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер

1. Мұхаметжанов А.М. Химиялық қарудың жалпы және медицина-тактикалық сипаттамасы: оқу құралы. – Қарағанда: Ақнұр баспасы. – 2013. – 276б.
2. Мұхаметжанов А.М., Әбдіқалықов М.Қ. Жалпы және әскери радиобиология : оқу құралы. – Қарағанды : ЖК «АҚНҰР баспасы», 2013. – 124 бет.
3. Мұхаметжанов А.М. Бейбітшілік уақытындағы әскери бөлімінің медициналық рота жұмысының құрылымы және ұйымдастырылуы: оқу құралы. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр баспасы", 2013. - 178 бет

Қосымша әдебиеттер

4. Адыльбекова А.Б. Основы медицинской подготовки: учебно-методическое пособие. – Усть-Каменогорск, Изд-во Берел ВКГУ им. С. Аманжолова, 2017. – 122с.
5. Салықжанова А.А., Куленова Г.Б. Әскери медициналық дайындық: оқу құралы. – Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2013. – 104б.
6. Жантасов Қ.Т., Сулейменов А.Т., Назарбекова С.П., Маханов Б.Б., Кочеров Е.Н. Төтенше жағдайлардағы тіршілік қауіпсіздігі: оқулық. – Алматы: Дәур, 2011. – 272б.

7. .Ақылбаева Б.С., Әділбекова А.Б., Салықжанова А.А. Төтенше жағдай кезінде халыққа алғашқы медициналық көмек көрсету шаралары (электронды оқу құрал). С. Аманжолов атындағы ШҚМУ білім беру порталы, 2008.

8. Татаева Р.К., Зайнелова Г.З., Адильбекова А.Б. Химиялық зақымдану ошағында өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары: оқу-әдістемелік құрал. Астана, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2013. – 30б.

9. Ақылбаева Б.С., Әділбекова А.Б., Салықжанова А.А. Сырқаттанған және жарақаттанған адамдарға көрсетілетін алғашқы медициналық көмек: Оқу құралы. - Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2007. - 112б.

10. Әділбекова А.Б. Өмір-тіршілік қауіпсіздігінің негіздері: электронды оқу құрал. С. Аманжолов атындағы ШҚМУ білім беру порталы, 2010.

Анықтамалық әдебиеттер

11. Тайжанов С. Салауатты өмір салтының негіздірі (әдістемелік құрал). – Алматы: Эверо. 2014. – 160б.

12. . «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V ҚРЗ // Егемен Қазақстан 15.04.2014 ж. – № 72 (28296).

Интернет-көздері

13.<http://emer.gov.kz/>

14.https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%96%D0%B0%D0%BF%D0%BF%D0%B0%D0%B9_%D2%9B%D1%8B%D1%80%D1%8B%D0%BF-%D0%B6%D0%BE%D1%8E_%D2%9B%D0%B0%D1%80%D1%83%D1%8B